**МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ БЕРІК ҚОРЫН ЖАСАМАҚ**

2-бет

**ЖҮКТІ ӘЙЕЛ ЖАЗДА БАС ТАРТУ КЕРЕК 3 ӨНІМ**

3-бет

**КҮНІНЕ БІР КЕСЕ КАРКАДЕ ІШКЕННІҢ ПАЙДАСЫ**

3-бет

**АЙТМҰХАНБЕТТІҢ АҚЫНДАР МЕКТЕБ**









ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ÁÝLIEATA

qoǵamdyq-saıası gazet

www.aulieata.kz | e-mail: aulieata@bk.ru | №41 (234) 21 maýsym 2022 jyl | Gazet 2018 jylǵy qańtardan shyǵa

ПРЕЗИДЕНТ

# ИРАНМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫМЫЗДЫҢ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕТІН САПАР

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тегеранға ресми сапармен барды. «Саадабад» кешенінде Мемлекет**



Қасым-Жомарт Тоқаев қазір қа тынасымыздың стратегиялық се рухында дамып келе жатқанына Президент Ибрахим Раисидің о палдастықты жаңа деңгейге көт үлес қосып отырғанын атап өтті.

Қазақстан Президенті елдерім лік-транзит әлеуетін толық пай екі жақ та мүдделі екенін атап түстік пен Солтүстікті, Шығыс пен жалғайтын тасымал дәлізі маңы атқаратынын айтты.

Шараларына тартылды. Енді «Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасы аясында 21838 жасқа қолдау көрсетілмек. Жұмыссыз, оқымайтын жастардың үлесі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,2-ден 7,6 пайызға төмендеді. Жастарды бос уақытында еңбекке баулу мақсатында «Жасыл ел» еңбек жасағын іске асырып, оған 2056 жасты тартамыз. Бұған бюджеттен 85 млн теңге қаржы қаралды. Қазірдің өзінде 1 мыңға жуық жас жұмыс істеп жатыр.

Аймақта биыл жастар саясатын жүзеге асыруға 1 млрд. 358 мың теңге қаржы қаралған. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 65,9 млн теңгеге 22 жоба қаржыландырылып, волонтерлар мектебінің жұмысын жандандыру, жастар арасындағы экологиялық мәдениетті нығайту, отбасы құндылықтарын насихаттау, әскери-патриоттық тәрбиелеу секілді қоғамдық-саяси маңызға ие іс-шаралар ұйымдастырылуда.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 418 маманға 122,1 миллион теңгеге көтерме жәрдемақы және 248 маманға тұрғын үй сатып алуға 1,1 миллиард теңге қаржы берілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Жамбыл облысының жастары арасында халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастыру бағытында «30 игі іс» жобасы аясында «Тегін такси», «Рақмет сізге», «Менің бастамам» сияқты жобалар іске асырылды. Облыс көлемінде жас ақындарды қолдау мақсатында басқарманың қолдауымен жас ақындардың «Жамбылдың жауқазын жырлары» антологиясы, Табиғат Абаилдаевтың «Миллениум», Жанғазы Ахметтің «Мен сондаймын», Арайлы Жақсылықтың «J.A.S» атты жеке жыр жинақтарының тұсаукесері өтті. Әртүрлі салаларда жетістікке жеткен жастарды көтермелеу және қолдау мақсатында облыс

Банкі» арқылы мемлекеттік бағдарламаға қатыса алмайтын азаматтар ғана қатыса алады. Мектеп мұғалімдері, мемлекеттік қызметшілер, квази-мемлекеттік секторда жұмыс істейтін азаматтардың барлығы мемлекеттік қаржыландыру жүйесінде бюджеттен айлық алатындықтан олар «Отбасы Банкінің» кез келген бағдарламасына қатыса алады. Бір сөзбен айтқанда - айлықты мемлекеттен алмауы керек.

Қазір жергілікті бюджеттен 500 миллион теңге бөлінді. Орта есеппен есептегенде 10 миллион теңгеге үй алса, биыл 50 жасты баспанамен қамтуды жоспарлап отырмыз. Бұл жерде сәл-сәл ауытқулар да болуы мүмкін. Себебі қатысушы қай жерде тіркелген болса, сол жерден ғана үй ала алады. Байзақтан тіркелген болса, Сарыкемерден ала алады. Жамбыл ауданында тіркелсе, Асадан ала алады. Тараз қаласынан тіркелгендер тек Тараз қаласынан ғана ала алады.

Алдымен облыс әкімі мен «Отбасы Банк» төрағасы арасында екіжақты меморандумға қол қойылатын болады. Содан кейін бір айды түсіндіру жұмыстарына жұмсаймыз. Яғни барлық елді мекендерге, жастарға шарттарын талаптарын, қатысу механизмдерін түсіндіреміз. Сосын шілде айынан бастап біз жеке құжаттарды кезек арқылы қабылдаймыз. Ол арнайы электронды портал арқылы жүргізіледі. Бұл жерде іріктеу толық әділ өтеді деп айта аламын. Себебі ол электронды, автоматтандырылған. Балдық көрсеткіші де өзінің салған көрсеткішіне байланысты автоматты түрде шығарылады.

*Серікбол БЕРІКҚОЖА,*
*облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы.*


## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тараз-Дезинфекция» ЖШС Технологиялық жабдықтарға, биологиялық, өнеркәсіптік тұрмыстық, медициналық қалдықтарды, мұнай өңдеу өнімдері мен мұнай шламдарын (крематорий) жағу және залалсыздандыру қондырғыларына арналған жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 292.

Қоғамдық тыңдаулар 29.07.2022 жылы сағат 11-00-де Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 292 мекенжайында өтеді.

Барлық мүдделі тұлғалар мен іргелес аумақта тұратын халық шақырылады. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі (қоғамдық тыңдауларды өткізу басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын).

Жоба бойынша материалдармен электрондық түрде бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz.

Қосымша ақпаратты «Тараз-Дезинфекция» ЖШС жобалық құжаттама бастамашысынан алуға болады, байланыс деректері: 87754796668, электрондық пошта: taraz-dezinfektsiya@mail.ru.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар мына электронды мекенжайға қабылданады: upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

## ОБЬЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тараз-Дезинфекция» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту Нормативов допустимых выбросов для технологического оборудования, установки сжигания и обезвреживания биологических, промышленных бытовых, медицинских отходов, продуктов переработки нефти и нефтешламов (крематор), Жамбылская область город Тараз, ул. Сулейменова 292.

Общественные слушания состоятся 29.07.2022 года в 11-00 час по адресу: Жамбылская область город Тараз, ул. Сулейменова 292.

Приглашаются все заинтересованные лица и населения, проживающее вблизи прилегающей территории. Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность (не менее чем за один час до начала проведения общественных слушаний).

Материалы по проекту в электронном виде можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz.

Дополнительную информацию можно получить у инициатора проектной документации ТОО «Тараз-Дезинфекция», контактные данные: 8 775 479 66 68, адрес электронной почты: taraz-dezinfektsiya@mail.ru.

Все замечания и предложения принимаются на электронный адрес: upr.taraz@zhambyl.gov.kz.


ÁÝLIEATA
МЕНШІК ИЕСІ: "ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ" жауапкершілі
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Қоғамдық даму
Мақала авторының пікіріне редакцияның көзқарасы сәйкес к
Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні мен тіліне жарнама

